

2-БӨЛІМ. МЕХАНИЗМНІҢ КИНЕМАТИКАЛЫҚ ТАЛДАУЫ

4-дәріс. Механизм кинематикасының графикалық әдістері

2.1 Дәріс мақсаты:

Механизмнің кинематикалық талдауының графикалық әдістерімен таныстыру. Тұрыстар және жылдамдықтар сызбаларын салу әдістерімен таныстыру.

Негізгі сұрақтары мен қысқаша мазмұны:

1. Механизм тұрыстарының сызбасы.
2. Жылдамдықтардың сызбасы.

1. Механизм тұрыстарының сызбасы.

Механизм құрыстарының сызбасы - берілген жалпыланған координаталардың масштабын еске ала тұрып, механизмнің графикалық кескінін көрсету болады. Сызбаны жасау тәртібі:

1. Механизмнің қозғалмайтын нүктелері салынады (О және С, 2.1-сур.).
2. ОА бас звеноның тұрысы құрылады.
3. Механизм нүктелелер немесе бөлімдерінің тұрыс сызықтары салынады (ВА және ВС радиустары).
4. Сызықтардың қиылысу нүктелері механизмнің басқа нүктелерімен




Рис.2.1

жалғастырылады (ВА және ВС сызықтары).

2.1-суретте механизмнің мүмкін екі тұрыстарына сай келетін екі қиылысу нүктелері көрсетілген.

2. Жылдамдықтардың сызбасы.




Рис.2.2

Механизмнің жылдамдықтар сызбасы деп бір нүктеге келтірілген бар звено нүктелерінің жылдамдықтарының сұлбасын айтады.

Төртзвенoлы механизмнің жылдамдықтар сызбасы 2.2,а-суретте көрсетілген.